

СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫ

*Ерсаинова А.Б.¹

*¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
Астана, Қазақстан,
e-mail: asel_ersainova@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада академик-жазушы Сәбит Мұқановтың өз замандастарымен, қаламгерлермен, оқырмандарымен, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерімен жазысқан және басқалардан алған хаттары мен жазба-деректері қарастырылады. Сәбит Мұқановтың хаттары Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде 1634-қорда сақтаулы.

Мақаланың мақсаты – жазушының хаттарын қарастырып, хаттарының тілін, стильдік ерекшеліктерін, мазмұнын, көркемдік құрылымын, қоғам мен заман шындығын анықтау. Қазақ әдебиетінде эпистолярлық жанрға барынша ұқыптылық танытқан жазушының бірі – академик-жазушы Сәбит Мұқанов. Қаламгердің эпистолярлық мұрасы өте бай. Мәселен, Сәбит Мұқановқа Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мағжан Жұмабаевтың, Мұхтар Әуезовтің, жазған хаттары және жазушының Ыдырыс Уәлихановқа, Сәйфи Құдашқа, Әзілхан Нұршайықовқа, Ғалым Малдыбаевқа, Қызылжар қаласының тұрғындарына арнап жазған хаттары қамтылып, талданды. Қаламгер хаттарының тілі, стильдік ерекшеліктері, мазмұны, көркемдік құрылымы, қоғам мен заман шындығы анықталды.

Мақаланы жазу барысында дәстүрлі ғылыми талдау мен жинақтау, хронологиялық, кешенді, жеке талдау әдістері негізге алынды.

Жазушы Сәбит Мұқанов хаттарында көбінесе әдебиеттің, көркем шығарманың тағдыры, ұлт мұрасы, халықтың жағдайы, туған жер мәселесі кеңінен сөз болады. Хаттар арқылы жас қаламгерлерге ұстаздық ақыл-кеңесін аямаған. Хаттардан жазушының азаматтық өсу жолының шежіресін және эпистолярлық жанрды терең түсінгенін көреміз.

Зерттеу нәтижесінде, барлық хаттардың мазмұны жағынан әр алуан екендігіне көз жеткіздік.

Сәбит Мұқановтың хаттарына қатысты талдау нәтижелері мен қорытындылар жазушының эпистолярлық шығармашылығына тың пайымдау жасауға мүмкіндік береді. Халық жазушысы Сәбит Мұқанов мұрағатындағы бағалы хаттары – қалың көпшілікке, пайымды оқырмандарға, жазушы шеберханасы мен әдебиет тарихын зерттеушілерге таптырмас құнды деректер болып табылады.

Зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы: мақала жоғары оқу орындарында оқытылатын «Әдебиет сыны» пәнінің мазмұнына үлес қосады. Ал практикалық маңыздылығы: зерттеу нәтижелерін «Мұқановтану» пәні бойынша дәрістер мен практикалық сабақтарға дайындық кезінде қосымша оқу материалы ретінде пайдалануға болады.

Тірек сөздер: эпистолярлық мұра, эпистолярлық жанр, архив, хат, тақырып, қолжазба, әдебиет мәселесі, әдеби және мәдени мұра.

Негізгі ережелер

Белгілі бір тұлғаны зерттеуде, зерделеуде ол жайлы замандастарының естеліктерінен, жазысқан хаттарынан көп мәліметтер алуға болады. Жалпы қазақ әдебиеттану ғылымында эпистолярлық жанр ежелден келе жатқан жанр.

Жазушы А.Кемелбаева осы жанр жайлы «Эпистолярлық жанрдың жасампаздығы» атты мақаласында: «Қаламгерлер арасында эпистолярлық жанрды еншілеп алу, жазудың қасиетін бір тұтумен қатар мұқияттылықты айғақтайды. Оның үстінде жалқау адамның ісіне жатпайды. Эпистолярлық жанр өткеннің еншісі, ескіліктің қалдығы тәрізді көрінетіні де жалған әсер. Әсіресе жазба әдебиеті кеш жетілген қазақ руханияты үшін эпистолярлық жанр өте құнды. Ертеректе жазу-сызуы дамымаған, ауыз әдебиетін есте сақтау жады бойынша теңдесі жоқ, санасы эпикалық қазақ халқының кесек ақын-жазушыларын архивте қолжазбалары құтаймаған деп жоққа шығару фактілері кездесіп қалуы бір шеті сондықтан болса керек [1, 22 б.]. Жазушы А.Кемелбаеваның пікірінен эпистолярлық жанрдың ең құнды әдеби жанр екендігіне көз жеткіземіз. Эпистолярлық жанрдың екі түрі бар. Олар – күнделік және хат. Академик-жазушы С.Мұқанов күнделікке және хатқа да ерекше мән берген.

Кіріспе

XX ғасыр тарихында халық жазушысы Сәбит Мұқановтың қаламгерлерге, замандастарына жазған хаттары – эпистолярлық құнды мұра болып есептеледі. Сәбит Мұқановтың эпистолярлық мұрасының тақырыптары өте ауқымды. Жазушының хаттары – әдебиет тарихшысының өмірбаянын зерттеу үшін, қазақ әдебиеті тарихы, ұлттық әдебиеттану үшін аса бағалы деректер болып табылады. Академик-жазушының сырға толы жазылған хаттардың барлығы – эпистолярлық әдеби шығарма. Қаламгер үшін эпистолярлық жанр өте елеулі. Сәбиттанушы Құлбек Ергөбек Сәбит Мұқановтың тағдыры жайлы жазылған «Келбет» атты еңбегінде қаламгердің эпистолярлық мұрасында қамтылған мәселелерді жинақтап көрсетеді: а) жазушы азаматтығы, дүниетанымы, ә) жалпы сөз өнері, шығармашылық іс жөнінде көзқарасы, толғаныстары, б) жазбақ шығармасына материал жинау құралы («Жұмбақ жалау», «Есіл», «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітаптарына баспасөзге хат жазу арқылы материал жинаған), в) жазушының жеке бір шығармасының шеберханасы хақында («Өмір мектебі», «Аққан жұлдыз» романдары, «Күрес күндерінде» пьесасы кейіпкері түптұлғасы хақында), г) көңіл-күй әуендері, психологиясы, қаламгерлік дағды машығы (Әуелбековке жазған хаты) турасында болып келеді [2, 66 б.]. С.Мұқанов шеберханасын ашуда хаттардың рөлі орасан зор. Ғалым Қ.Ергөбектің жоғарыдағы мәселелерді жинақтап топтастыруынан жазушы шығармашылығы ғана емес, С.Мұқановтың эпистолярлық мұрасы қазақ әдебиетінің жалпы мәселелерін қарастыруда үлкен қызмет атқара алатынын аңғарамыз.

С.Мұқановтың хат мәдениетін меңгеруі туралы айтатын болсақ, республикалық радиодан сөйлеген бір сөзінде қаламгер: «Орысша сауаттана келе классиктердің көркем шығармаларына ден қоюмен бірге И.С.Тургенев секілді жазушылардың хаттарын да көркем шығармадай аса қызыға оқушы едім. Кейін келе хаттарды жинау дағдыма айналды» [3, 177 б.] дейді. Қаламгердің бұл сөздерінен жазушылық мәдениетіне орыс, шетел әдебиеті

классикасына сырға толы хаттардың әсер еткендігі көрінеді. Башқұрстанның халық ақыны Сәйфи Құдашқа 1965 жылы 30 сәуірдегі жазған хатында: «Менің «Хаттар мен хаттасулар» деген қалың кітап жасау ниетім бар. Сізбен жазысқан хаттардың біразын соған кіргізбекпін. Бірақ, бұл іс Октябрь мерекесінің 50 жылдығынан кейін орындалады ғой деймін. (Егер аманшылық, саулық болса!). Оған дейін уақыт та тығыз, міндеттер де көп» [4, 265 б.] деген үлкен арманы еді. Бұл хатты оқи отыра, халық жазушысы Сәбит Мұқанов өзі жазысқан хаттарының жеке қалың жинақ болып жарыққа шығуын армандағанын байқаймыз. Шыны керек, қазақ жазушыларының ішінде Сәбит Мұқановтай көп хат алған адам болған жоқ. Бұл Сәбит Мұқановтың қайталанбас мұрасы.

Материалдар және әдіс-тәсілдер

Хат жазысқандардың арасында мемлекет және қоғам қайраткерлері, шетелдік және отандық ғалымдар, ақындар, жазушылар, жерлестер, туыстар, түрлі мамандық иелері болды. Осыдан хат жазысқан адамдардың тізімі де өте ауқымды болғандығын көруімізге болады. Хат алысып-жазысқан тұлғалардың дәрежелері де әртүрлі. Мәселен, нақты олардың тізімінде И.Сталин, М.Шолохов, А.Толстой, А.Храпченко, Ш.Уалиханов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, М.Әуезов, І.Жансүгіров, М.Шухов, Ү.Балқашев, Ә.Нұршайықов, Ә.Нұрпейісов, Қ.Мұхамедханов, М.Ғабдуллин, Ж.Молдағалиев, Т.Кәкішев, З.Шашкин, Ғ.Малдыбаев және т.с.с. Қаламгер өзі өмір сүрген әр уақытында сол уақыттағы замандастарымен, қоғам қайраткерлерімен, жазушыларымен жиі, басқа тұлғалармен де хат алмасып-жазысып отырған. Сондай-ақ, қаламгер әлемдік мәселелерге белсене араласып, Эмью Сно, Синклер Льюис, Исак Челеби Джусто, Ю.Палецкис, В.Лацистерге жазған хаттары бейбітшілік, адам бақыты, жазушының қоғамдағы рөлі жайлы.

С.Мұқановтың жазған, жазушыға келген хаттары қарастырылды. Зерттеу жұмысын жазу барысында дәстүрлі ғылыми талдау мен жинақтау, хронологиялық, кешенді, жеке талдау әдістері негізге алынды.

Талқылау

Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты – академик-жазушы С.Мұқановтың жазған, жазушыға келген хаттарын қарастыру, талдау жасау. Осы мақсатқа сай алдымызға төмендегідей міндеттер қойдық:

- жазушы хаттарын талдау;
- хаттардың тілін, стильдік ерекшеліктерін, мазмұнын, көркемдік құрылымын, қоғам мен заман шындығын анықтау.

С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінің жетекшісі, «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Ә.Жақсылықұлының, музей кешенінің ғылыми қызметкерлерінің құрастыруымен, «Ақниет» корпоративтік қорының қолдауымен 2018 жылы «Мұқановтың хатханасы-Письмотека Муканова» атты жинақ жарыққа шықты. Академик-жазушының көп жылдар бойы ынтамен жинастырған хаттары, құжаттары, қолжазбалары,

кітаптары әдеби-мемориалдық музейдің сарқылмас қоры. Аталмыш жинақта жазушының 1924-1973 жылдар аралығындағы қаламгерлермен, атақты тұлғалармен, замандастарымен жазысқан сырға толы 300-ден аса хаттары топтастырылған. Көрнекті тұлға көзі тірісінде өзі өмірінің соңғы жылдары хаттары мен құжаттарын Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивіне (1634-қор) тапсырған. Академик-жазушының ғылыми жеке қорында 2 тізбе бар, бірінші тізбеде – 396 іс болса, екінші тізбеде – 45 іс, әрбірі 2 беттен 300 бет аралығындағы хат алмасулары бар. Осы орайда халық жазушысы С.Мұқанов жазушылар арасында сирек кездесетін барлық кіріс және шығыс құжаттар мен мұрағаттық хат-хабарларды ұқыпты, мұқият сақтағанын анық аңғаруымызға болады. С.Мұқановтың жеке қоры біз үшін оның өмірі мен қызметі туралы баға жетпес мұрасын сақтап қалды. Хаттардың көпшілігі бұрын-соңды еш жерде жарық көрмеген және алғаш рет хронологиялық жүйемен, қазақ және орыс тілдерінде жазылған қалпы сақталған. Хаттарда көптеген мәліметтер ғана емес, жазушының ішкі өмірі де айқын көрінеді.

Нәтижелер

«Сәбит Мұқановтай алыптың артына қалдырып кеткен ұлан-ғайыр мұрасы оны әрқашан жоқтатады, іздетеді. Қателесе жүріп түзету, от баса жүріп өріске шығу, ел-жұрттың көкейіндегісін дер кезінде айта біліп, игі іске мұрындық болу көп адамның қолынан келе бермейтінін Сәбит Мұқановтың өр тұлғасынан табамыз да, әрбір қимыл-әрекетіне, айтқан ой-пікіріне қарауыл қоя отырып, тарих таразысына саламыз» [5, 4 б.], – деп Сәбиттанушы Т.Кәкішұлы жазушы жайлы өз пікірін айтқан. Жазушының артына қалдырып кеткен үлкен мұрасы, жеке қоры әлі де зерттеліп, зерделі көңіл төрінен орын алатыны, зерттеушілер еңбегімен толығы түсетіні ақиқат. Қаламгердің эпистолярлық мұрасы тақырып, тілі, стилі, мазмұны, көркемдік құрылымы жағынан болса да мағыналы, алуан қырлы. С.Мұқановтың бірқатар хаттарына тоқталдық.

Ә.Жақсылықұлының «Шырқау шыңы Шоқанның» атты мақаласында Алматы қаласындағы музейлер бірлестігіне қарасты С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінің қорында С.Мұқановтың Б. Уалихановқа Алматыдан 1948 жылдың 10 қазанында жазған хатының көшірмесі сақталған деген мәліметтер бар. Сол хаттан үзінді келтірер болсақ: «...Шоқан туралы: халыққа адал атқарған еңбек өлмек емес қой, әсіресе, біздің елде. Шоқанды көбірек зерттеп жүрген адамның бірі менмін. Бірақ ол туралы әлі үлкен еңбек жаза алған жоқпын. Жазылған бірақ мақалаларымды, Мәскеуде орыс тілінде шыққан «Нить Ариадны» атты пьесамды Шоқанның зор образына лайықты киім демеймін. Бірақ олармен тынып отырған мен жоқ» [6]. Сонымен қатар қаламгер үлкен роман жазғысы келетін ойы бар екендігін жазады. Оған біраз материалдары бар екендігін, бірақ әлі де жеткіліксіз екендігін де айтады. Материалдарды толықтыру үшін біріншіден, Шоқанның туып-өскен жерлерін аралау, екіншіден, Омбы архивінде отыру, үшіншіден, Қашқарияға барып қайтуы керектігін басты мақсат етеді. Осы үшеуінің алғашқы екеуіне өткен жазда аттануды жоспарлағандығын, алайда қолы

тимегендігін айтады. Сондай-ақ, С.Мұқанов Ы. Уалихановпен кездесіп, кеңесіп, алдағы уақытта жиналып, Шоқанға байланысты ой-пұлдарды сұрағысы келетіндігін, бірақ бар сұрайтындарын хатқа сыйғыза алмайтындығын жазады. Хат соңында: «Жалпы хатпен хабарласып тұрайық, ағай! Інілік сәлеммен – Сәбит Мұқанов» [6] деп көрсетілген. Бұл жерден С.Мұқанов зерттейтін тақырыбына бей-жай қарамай, қосымша материалдарды іздестіргенін, Шоқанды зерттеуге үлкен жауапкершілікпен барғанын, шын білімдарлық танытқандығын, ғұлама еңбегі мен оның өзіндік қасиеттерін аңғаруымызға болады. Шоқан Уәлиханов жайлы үлкен роман жазу ойында ертеден болғаны мұның бір дәлелі болса керек.

Халық жазушысы С.Мұқановтың эпистолярлық мұрасында мынандай деректің маңызы зор: 1969 жылы Абай Құнанбаевтың інісі, ізін жалғастырушы Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығын зерттеуге байланысты арнайы ғылыми-үйлестіру М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында талқылау өткізіліп жатқанда: «Менде Шәкәрімнің маған жазған хаты бар!» деп комиссия мүшелерін қатты таң қалдырды. Репрессияның қиын-қыстау кезеңінде, қауіпке қарамастан, ол оны Ш.Құдайбердіұлының естелігі ретінде көненің көзіндей мұқият сақтады. С.Мұқанов бұл хат тарихтың баға жетпес куәгеріне айналатын уақыт келетініне сенді. «Қазақ әдебиеті» газетінде 1998 жылдың 17 маусымдағы санында гуманист ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының Сәбит Мұқановқа жазған хатының мәтіні баспа бетінде жарыққа шықты. Сонымен қатар басқа хаттармен салыстырғанда салмақты дүние. Хат мәтінінен ең әуелі байқалған мәселе – Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Сәбит Мұқановтың арасында тығыз шығармашылық ынтымақтың болғандығы. Ш.Құдайбердіұлы хатты 1931 жыл 3 ақпанда елсіздегі Саят қорада жазды. Сол хатқа назар аударсақ: «Ардақты Сәбит бауырым! 11/ХІІ да жазған хатыңызды жаңа ғана алдым. Бүгін Аягөзге жүрмек адамнан осы хатты асығыс жаздым» [4, 35 б.]. Яғни, осыдан бұл – Ш.Құдайбердіұлының жауап хаты екендігін көреміз. «Қолымда барынан біраз ғана жазбамды жібердім. Олар: «Бәйшешек бақшасы», «Нартайлақ әңгімесі», «Қазақтың түп атасы», жиырма бес жасымда жазған – «Бозбала мен кәрілік», отыз екі жасымда жазған – «Баламен айтысып жеңілгенім» [4, 35 б.] деуіне қарағанда С.Мұқанов ақынның қолжазбалары мен кітаптарын сұратқанға ұқсайды. «Қолымда қаражаттық ақша жоқтығынан бұларды өзіңіз почта қаражатын төлеп алар деп доплатной қылдым. Ақын бұрын басылған: «Қазақ айнасы», «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» деген туындыларын өз қаражатына 1000/экземпляр/ дана бастырып елге таратқанын айта келе: «Қазақ, қырғыз, қалмақ, түрік шежіресін» де бір мың бастырып таратып едім. Соларды балаларға іздетіп, шежіренің бір жыртылып қалғаны табылып; бұрынғы басылғанында қате бар, әм қосылмаған сөздер бар болғандықтан көшіріп жатырмын түзетіп» [4, 35 б.],- деп мағлұмат береді.

С.Мұқанов әдеби-мемориалдық музей кешенінің қорында Ш.Құдайбердіұлының Семейдегі «Жәрдем» баспасынан жарыққа шыққан «Жолсыз жаза яки кез болған іс» және «Еңлік-Кебек» атты кітаптары сақталған екен. Ш.Құдайбердіұлының хатында осы кітапты С.Мұқановқа

беріп жібергендігі жайлы мәлімет жоқ. Ә.Қайырбеков: «Соған қарағанда С.Мұқановтың қолына бұл кітап басқа біреулер арқылы тиген және оны Сәбең ұзақ жылдар бойы жасырып сақтаған» [4, 2 б.] дейді. Ш.Құдайбердіұлы бұл хатында Алматыда қызмет жасаған Бағдәулет Құдайбердіұлында «Әділ-Мария» романының көшірмесі, Американың Пешірстав деген әйелі жазған құлдар тұрмысы жайында, «Том ағай балағаны» деген қазақшаға аудармасы барын хабарлайды. «Жан сыры», «Жаралыс сыры» философиялық трактаттарын басылымға жібергенін, басылмайтын болса, тез қайтаруын өтінеді. Бұған қоса Ш.Құдайбердіұлы хатында С.Мұқановқа өз қолжазбаларының бәрін қайтарып отыруын және қай жазбасы басылса да, балаларына, достарына мирас деп беру үшін басылысымен баспахана қаражатымен өзіне әрқайсысынан елу данасын жіберуін, басылымдарын «Мұтылған» деген бүркеншек атымен басылуын тілек етіп сұрап, үлкен сенім артады. Профессор Сағымбай Ботпайұлы «Шәкәрім және Сәбит Мұқанов» атты мақаласында: «Талғамы терең, ойы тұңғық Шәкәрімнің 1930 жылдардағы аласапыран тұста қалың қазақ қаламгерлері арасынан С.Мұқановқа хат жазуы пенделік ниеттен емес, шынайы әдебиет жанашырына деген ықыласынан болса керек деп түйіндейді. Сонымен қатар шығармашылық мұрасында әндерінің де бар екендігін, бірақ «әнді хатпен ұғындыруға болмайтынын» [7, 1 б.] жазады. Аталған хатты оқи отырып, ақынның өз шығармашылық мұрасын сенімді, жанашыр адамға, сенімді қолға аманат етуді көздеп, шығармаларының тағдырына алаңдап, немқұрайлы қарамағандығын анық байқауға болады.

Хатта Ш.Құдайбердіұлының ішкі сыры, мақсаты айқын өрілген. Гуманист ақын Ш.Құдайбердіұлының бар мақсат-мұраты – өз шығармаларын қазақтың рухани мәдениетіне мұра етіп қалдыру. С.Мұқанов Ш.Құдайбердіұлының хатын 1952 жылы көшіртіп, басып шығарады да, хаттың соңына түсініктеме береді: Бұл хаттың Шәкәрім Құдайбердіұлының екенін, біріншіден – аталған кітаптардан білдім, екіншіден – хатта аталған Бағдәулет деген баласы келіп айтты. Кітап беріп жібердім деген адамы әкеп берген жоқ. Почта мен салдым деген кітаптары келген жоқ, баласы қолдарындағы кітаптарын берген жоқ. Хатқа «Мұтылған» деп қана қол қойылған жоқ. /С.Мұқанов/ Қолтаңба. 5/V – 1952 ж.» [4, 35 б.]. Ш.Құдайбердіұлы қажының терең сырға толы хаты баршамызды тебірентері хақ. Ш.Құдайбердіұлы қажының бұл хатына баса мән беріп, көздеген мақсатымыз – академик-жазушы С.Мұқановтың жоғарыда көрсетілген тілек, өтініштерді орындамағаны, Ш.Құдайбердіұлының хатта көрсетілген туындыларының жайына зер салу емес. Негізгі мақсат – Ш.Құдайбердіұлы мен С.Мұқанов арасындағы байланыстың тұла бойында сыйластықтың, ізгі ілтипаттың, адами қасиет және шығармашылық бағыттардың бірге ұштасып жатқанын көрсету. Халық жазушысы мұрағатындағы бағалы да құнды хаттардың бірі – осы.

1937 жылы 20 ақпанда ақын М.Жұмабаев – С.Мұқановқа хат жазады: «Құрметті жолдасым, Сәбит. Сіз менің Петропавловскідегі орыс мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп жүргенімнен хабардар боларсыз.

Қаңтардың басында мені қызметінен босату туралы мәселе қозғалғанымен де біраз уақытқа басылып қалған еді. Бірақ, қаңтардың соңында бұл жай тағы әңгіме болды да, мені жұмыстан шығарып жіберді. Не себепті босатылғанымды сұрасам, қалалық оқу ісінің меңгерушісі жалпы саяси себептерге байланысты дегенді айтты [8, 63 б.]. Міне, хатында М.Жұмабаев өзінің қиын жағдайда жүргенін, 20 шақты күн болды, жұмыссыз отырғандығын, әсіресе осы жұмыссыздығы жанына қатты бататындығын жасырған жоқ. Уақыт ызғарын сездіретін, азапты хат екендігін байқаймыз.

1940 жылы М.Әуезов өзінің замандас інісі, жазушы С.Мұқановтан мәшіңкеге басылған 13-беттен тұратын, орыс тілінде ширық отырып жазған хат алды. Онда Сәбит өзінің Мұхтарды көп жылдан бері танитынын, бірақ жақын араласа бастағанына 4-5 жылдың жүзі ғана болғанын, осы аралықта ол туралы тек жоғары пікірде болғанын айтып өтеді. Бұдан соң жазушы өзінің бұл хатты жазуына себеп болған жайттарға тоқталады. Хат Мәскеуден жазылған еді. Оның орыс тілінде жазылуына да Сәбиттің сол кездегі кітаптарын орысшаға аударған аудармашылардың қатысы бар болатын. Бірақ С.Мұқанов олар туралы ештеңе айтпаған. «Құрметті Мұхтар!», – деп бастайды жазушы өзінің хатын. Бұдан ары, сен деп сөйлегеніне кешірім сұрай отырып, өз ойын кеңіте сабақтай түседі. Осындай хатты жазуға көптен ойлағанын, бірақ оған көпке дейін қолы бармай жүріп, ақыры жазуға шешім қабылдағанын айтады. Демек хат жазуға Сәбең көп уақыт дайындалып, өзінің маза бермеген көп ойларын айтуды жоспарлап жүргені рас еді. Оңаша кезігіп, ауызша да сөйлеуге болар еді, бірақ Мұқанның кейде сол нәрсеге де өкпелеп қалатынын ойлап оған шешімі жетіп бара алмағанын түсіндіреді. Бірақ ақыры маза бермеген нәрсені хат арқылы, ыңғайсыз болса да білдіруді жөн көргенін айтумен Мұқанды бірақ ширыққан ойларын түсіндіруге даярлап алады [9, 56 б.]. Жазушының хаты 13-бетке дейін созылады. Хат қызықты, әрі бір деммен оқылады, онда психологиялық-эмоциялық реңк мол, хат құрған деректерді беретін жай хат емес, өріліп шыққан өнер туындысы секілді. Хатта әдебиет мәселесі де айтылады.

Жазушының хат қоржынында Әзілхан Нұршайықовқа 1960 жылы 2 қаңтарда жазған хаты бар. Хатын «Жолдас Нұршайықовқа!», «Құрметті Әзілхан» деп бастайды. Хат мәтініне назар аударайықшы: «Ұлы Отан соғысының қанды күндерінде майданнан келіп, танысқаныңды энеугүні «Қызыл ту» газетінде жаздың. Аралас-құраласымыз аз болғанмен, содан бері жүректің жылы түпкірінде жүретін сен менің 60 жылдығым тұсында інілік, туысқандық, жолдастық көңілмен тойға ат салыстың» [10, 129 б.]. Дәл осы жылы академик-жазушы С.Мұқанов 60 жасқа толды. Мерейтойының ресми аталуы, елу жылдықтағыдай, майда емес, қарашаның ортасында өтті. С.Мұқанов бұл хатында тойында қызмет еткен жандарға алғысын білдіреді: «Сол қызметтеріңе алғыс ретінде, 40 шақты жыл бойына әдебиет майданында атқарған күрестердің бір белгісі сияқты мына «Өсу жолдарымызды» жіберіп отырмын. Бұдан, бәлкім, ертерек жібермек ем, өзіңе мәлім «ымшың-шымшың» бөгет жасады. Кешігіңкірегеніме кешірім өтініп, аз сыйды көпке балап алуыңды өтінемін» [10, 129 б.] дейді. Бұл жазушының 1960 жылы

шыққан «Өсу жолдарымыз» атты кітабының мұқабадан кейінгі алғашқы астар бетінің екі жағын толтыра Павлодарға жіберген хат-автографы еді. Мұндай хаттардың барлығы, ең алдымен, автор мен адресат арасындағы қарым-қатынастың іскерлік сипатын көрсетеді.

С.Мұқановтың ақын Ғалым Малдыбаевқа жазған хаттары бірсыпыра. Ғалым Малдыбаев Қызылжар қаласындағы партия – совет мектебінде оқып жүрген кезінде оған С.Мұқанов сабақ береді. Ғ.Малдыбаевтың ақындық жолға түсуіне С.Мұқановтың септігі тиген. Ғ.Малдыбаев С.Мұқановпен сол партия – совет мектебінде танысып, өмірінің соңғы кездеріне дейін екеуара сыйластық, жолдастық, достық қарым-қатынаста болып, өзара хат алмасып отырған. Жазушы 1968 жылы 8 қаңтарда ақын Ғалым Малдыбаевқа хат жолдаған. Хатты «Құрметті Ғалым! (Малдыбаев)» деп бастайды. Хатқа мұқият үнілсек: «Жуық арада Ханғали Сүйіншалиев дейтін әдебиеттегі зерттеуші оқымыстының, «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» деп ат қойған қалың кітабы шықты. Бұл кітапта көне дәуір шығармаларынан бастап жиырмасыншы ғасырға дейін жасалған қазақ әдебиеті туралы сөз болды. (Мүмкін болса, Қызылжардағы жолдастарыңның біріне тапсырып қойып, осы кітапты табуың керек). Кітапта баспасөзде бұрын айтылмаған қажетті білімдер бар» [4, 297 б.]. Хатта аталған еңбектің тұсында Шал ақынға арналған тарау барын сөз етеді. Ақынның «Қазақ әдебиеті» газетінде Шал ақын жайлы жазған мақаланы оқып, «Ғалым баяғыдан бері бірыңғай өлең жаза бергенше, Шал сияқты ақындарды зерттеп, ғылымға неге пайда келтірмеді екен?!» [4, 297 б.] деп өкінішті ойға түскендігін сезгендейміз. С.Мұқанов ақынға ғылыммен айналысып, осы бағытта тағы да біраз еңбектер жасауға кеңес берген. Хатта жазушы аман-саулық та біліскен. Хаттан С.Мұқановтың ақын Ғ.Малдыбаев шығармашылығына немқұрайлы қарамайтындығы, ұстазы ретінде шығармашылығын сынға алған ағалық жанашырлығы, көмегі сезіледі. Хат құрылымы жинақты әрі сауатты жазылған.

Халықпен етене жақын болған С.Мұқанов Қызылжар қаласының тарихына үңіліп, жаңа деректер келтіріп, «Петропавл қаласының тұрғындарына» деген 3 бөлімнен тұратын 1940 жылы 7 наурыз күні арнап хат жазады. Осы хаттағы: «... Абылай орыс патшалығымен дипломатиялық қарым-қатынас жасап отырды. Қысқы театр ғимаратының оны қазақтар «Абылайдың ақ үйі» («Белый дом Аблая») [4, 57 б.] деп жазғаны кейінгі тарих зерттеушілеріне, өлкетанушыларға үлкен көмегін тигізді. «Петропавл жылдан жылға өсіп келеді. Бірақ бұл қаланың тұрғындарына айта кету керек, үлкен сандық өсудің орнына, қаланың мәдени абаттандырылуы өте баяу дамып келеді, соңғы 2-3 жылда салынған бірнеше мектептерді қоспағанда, тамашалайтындай ғимараттарды таба алмайсыз. Көшелер бұрынғыдай лас, жарық жоқ, су құбыры да жоқ» [4, 57 б.], – деп қаланың кемшіліктерін баса айтып, «Біздер, петропавлдық жолдастар, туған қаламызға бар сүйіспеншілікпен қарайық, өз бастамамызбен, ерен еңбегімізбен нағыз социалистік қала жасайық» [4, 57 б.] дейді. Қызылжарлықтарға жанашырлық танытып, қаланың өсіп-өркендеуі үшін осы хаты арқылы үндеу жолдайды. С.Мұқанов пен халық арасындағы тығыз қарым-қатынасты аңғартатын

осындай хаттарды оқи отырып, туған еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін, қаламгердің өң бойында адамгершілік, бауырмалдылық, жанашырлық қасиеттердің тұнып тұрғанын байқаймыз.

Хаттарға негізделген әдеби-мәдени зерттеу уақыттың тілдік және болмыстық келбетін, сөйлеу тәжірибесін және қоғамның өмір мазмұнын көруге және қайта құруға мүмкіндік береді. Жазушының хаттасулары шын мәнінде диалогтық дискурстың сипатына ие. Сәбит Мұқановтың хаттарын оқыған кезде оның өмірі, сол қоғамда өмір сүрген кезеңнің тыныс-тіршілігі, жазушының тұрмысы, көңіл-күйі, ішкі сезім иірімін, өзіне тән мінез-құлқын, ішкі өмірін көреміз. Қаламгердің қай хатын оқысаң да, жеке адамға емес, өзінің халқына арнап жазғандай. Өйткені, оның аман-саулықты ғана сұрап қоймай, еліне, халқына деген елгезектілігін, махаббатын байқаймыз.

Қорытынды

С.Мұқановтың хаттары тек сәбиттану саласы үшін ғана емес, жалпы ұлт руханиятының тарихын түгендеуге, кеңестік кезеңдегі әдеби үрдістің бағытын айқындау үшін де үлкен рөл атқарары айқын. Өз уақытының және адамдардың тағдырының көптеген құпияларын әлі күнге дейін сақтап келе жатқан көркем шығармалар мен хат алмасулар халық жазушысы С.Мұқановтың өшпес мұрасына айналды және ұлттық жаңғыруға қосылатын үлкен үлес. Әр хатын саралай келе, жазушының күйзеліс немесе қуаныш күйіне тап болғандай боламыз. Жалпы, халық жазушысы хаттарынан адамның шындығы, не болмаса қоғам мен заман шындығы, ішкі мәдениеті, сауаттылық дәрежесі, саясатқа деген көзқарасы да айқын көрінеді. Жазылған хаттардың да келген хаттар секілді мазмұны жағынан әр алуан екендігіне көз жеткіздік.

«Жол таптым бар қазақтың жүрегіне, Осы да жетті деген тілегіне!» деп жазушының өзі жазғандай, қаламгердің көркем шығармаларымен қатар, бұл хаттарының да, оған жазылған хаттардың да уақыт пен адамдар өмірлерінен сыры бар құнды әдеби және мәдени мұра болып қаларына сеніміміз мол.

ӘДЕБИЕТ

[1] Кемелбаева А. Эпистолярлық жанрдың жасампаздығы // «Қазақ әдебиеті» газеті. – №1, 14. 01. – 2022. – 22 б.

[2] Ергөбек Қ. Келбет (Сәбит Мұқановтың тағдыры). – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 624 б.

[3] Әлімжанов Б., Ергөбеков Қ. Хаттар және хаттасулар // Жұлдыз әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журнал, 1978. – 221 б.

[4] Қайырбеков Ә. Мұқановтың хатханасы – Письмотека Муканова. – Алматы: «Полиграфкомбинат», 2018. – 392 б.

[5] Кәкішұлы Т., Ахмет К. Сәбит Мұқанов: Әдеби-ғылыми ғұмырнама. – Астана: Фолиант, 2009. – 352 б.

[6] Қайырбеков Ә. Шырқау шыңы Шоқанның // «Егемен Қазақстан» газеті. – Нұр-Сұлтан, 2021. 15 маусым. – 7 б.

[7] Жұмағұл С. Шәкәрім және Сәбит Мұқанов // «Астана Ақшамы» газеті. – Нұр-Сұлтан, 2020. 5 қараша. – 24 б.

[8] Кәкішұлы Т. Сәбең әлемі.– Алматы: Қазақпарат, 2000. – 272 б.

[9] Рахымжан К. Мұхтар Әуезовтің Сәбеңе хаты. //XIV Әуезов оқулары: XIV халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2016. – 228 б.

[10] Нұршайықов Ә. Екі естелік: М. Әуезов пен С.Мұқанов туралы хикая, эсселер. – Алматы: Жалын, 1985. – 176 б.

REFERENCES

[1] Kemelbaeva A. Epistolärlyq janrdyñ jasampazdyğy. (Creativity of the epistolary genre) //«Qazaq ädebieti» gazetı. №1, 14. 01. 2022. 22 b. [In Kaz.]

[2] Ergöbek Q. Kelbet (Säbit Mūqanovtyñ tağdyry). (Kelbet (the fate of Sabit Mukanov)). Nūr-Sūltan: Foliant, 2020. 624 b. [In Kaz.]

[3] Älimjanov B., Ergöbekov Q. Hattar jäne hattasular. (Letters and correspondence) // Jūldyz ädebi-körkem, qoğamdyq-saiasi jurnal, 1978. 221 b. [In Kaz.]

[4] Qaiyrbekov Ä. Mūqanovtyñ hathanasy – Pismoteka Mukanova. (Mukanov 's letter library) Алматы: «Poligrafkombinat», 2018. 392 b. [In Kaz.]

[5] Käkişüly T., Ahmet K. Säbit Mūqanov: Ädebi-ğylymi ğūmyrna. (Sabit Mukanov: literary and scientific biography). Astana: Foliant. 2009. 352 b. [In Kaz.]

[6] Qaiyrbekov Ä. Şyrqau şyñy Şoqannyñ (Top of the Chokan) // «Egemen Qazaqstan» gazetı. Nūr-Sūltan, 2021. 15 mausym. 7 b. [In Kaz.]

[7] Jūmağül S. Şäkärım jäne Säbit Mūqanov (Shakarim and Sabit Mukanov). // «Astana Aqşamy» gazetı. Nūr-Sūltan, 2020. 5 qaraşa. 11 b. [In Kaz.]

[8] Käkişüly T. Säbeñ älemi (The World of Sabit). Алматы: Qazaqparat. 2000. 272 b. [In Kaz.]

[9] Rahymjan K. Mūhtar Äuezovtñ Säbeñe haty. (Mukhtar Auezov's letter to Saben)// XIV Äuezov oqlary: XIV halyqaralyq ğylymi-praktikalıq konferensia materialdary. Алматы: «Ädebiet älemi», 2016. 228 b. [In Kaz.]

[10] Nūrşaiyqov Ä. Eki estelik: M. Äuezov pen S.Mūqanov turaly hikaia, eseler. (Two memoirs: A story about M. Auezov and S. Mukanov, essays, a story). Алматы: Jalyn, 1985. 176 b. [In Kaz.]

ЭПИСТОЛЯРНОЕ НАСЛЕДИЕ САБИТА МУКАНОВА

*Ерсаинова А.Б.¹

*¹Докторант Евразийского национального университета им. Л.Н.

Гумилева, Астана, Казахстан,

e-mail: asel_ersainova@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассматриваются письма и документы академика-писателя Сабита Муканова, которые он адресовал своим современникам, писателям, читателям, видным государственным и общественным деятелям. Письма Сабита Муканова хранятся в Центральном государственном архиве Республики Казахстан в фонде 1634.

Цель статьи – изучить письма Сабита Муканова с целью определения языка, стилистических особенностей, содержания, художественной структуры, реалий общества и времени написания писем. Сабит Муканов – один из писателей, уделявший наибольшее внимание эпистолярному жанру в казахской литературе. Эпистолярное наследие писателя очень богато. Нами были изучены и проанализированы письма, написанные Сабиту Муканову Шакаримом Кудайбердиулы, Магжаном Жумабаевым, Мухтаром Ауэзовым, а также письма, адресованные им писателям Идрису Уалиханову, Сайфи Кудашу, Азилхану Нуршайыкову, Галыму Малдыбаеву и жителям Кызылжара, определены их языковые и стилистические особенности, содержание, художественное своеобразие писем писателя, реалий общества и того времени.

При написании статьи были использованы методы традиционного научного анализа и обобщения, хронологического, комплексного, индивидуального анализа.

В письмах писателя Сабита Муканова часто затрагиваются вопросы, касающиеся судьбы литературы, художественного произведения, национального наследия, положения народа, родной земли. В письмах, адресованных юным писателям, автор делился педагогическими советами. Из писем видно, что писатель глубоко понимает генеалогию пути гражданского роста и эпистолярного жанра.

В результате исследования мы убедились, что все письма разнообразны по своему содержанию. Выводы, сделанные по результатам анализа писем Сабита Муканова, позволяют по-новому взглянуть на эпистолярное творчество писателя. Ценные письма, сохранившиеся в архиве Сабита Муканова, являются бесценным сокровищем для широкого круга читателей, взыскательных читателей, читателей писательской мастерской и исследователей истории литературы.

Научная значимость исследовательской работы заключается в том, что она вносит вклад в содержание дисциплины «Литературная критика» в высших учебных заведениях. Практическая значимость: результаты исследования могут быть использованы в качестве дополнительного учебного материала при подготовке к лекциям и практическим занятиям по дисциплине «Мукановедение».

Ключевые слова: эпистолярное наследие, эпистолярный жанр, архив, письмо, тема, рукопись, проблема литературы, литературное и культурное наследие.

THE EPISTOLAR HERITAGE OF SABIT MUKANOV

*Yersainova A.B.¹

*¹Doctoral student of L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Astana, Kazakhstan,

e-mail: asel_ersainova@mail.ru

Abstract. This article discusses the letters and documents of the academic writer Sabit Mukanov, which he addressed to his contemporaries, writers, readers, prominent statesmen and public figures. Sabit Mukanov's letters are stored in the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan in the fund 1634.

The purpose of the article is to study the letters of Sabit Mukanov in order to determine the language, stylistic features, content, artistic structure, the realities of society and the time of writing the letters. Academic writer Sabit Mukanov is one of the writers who paid the most attention to the epistolary genre in Kazakh literature. The epistolary heritage of the writer is very rich. We have studied and analyzed letters written to Sabit Mukanov by Shakarim Kudaiberdiuly, Magzhan Zhumabaev, Mukhtar Auezov, as well as letters addressed to writers Idris Ualikhanov, Saifi Kudash, Azilkhan Nurshaiykov, Galym Maldybaev and residents of Kyzylzhar, identified their linguistic and stylistic features, content, artistic originality of the writer's letters, the realities of society and that time.

When writing the article, the methods of traditional scientific analysis and generalization, chronological, complex, individual analysis were used.

The letters of the writer Sabit Mukanov often touch upon issues related to the fate of literature, works of art, national heritage, the status of the people, and native land. In letters addressed to young writers, the author shared teaching advice. It can be seen from the letters that the writer deeply understands the genealogy of the path of civic growth and the epistolary genre.

As a result of the study, we were convinced that all letters are diverse in their content. The conclusions drawn from the analysis of Sabit Mukanov's letters allow us to take a fresh look at the epistolary work of Sabit Mukanov. Valuable letters preserved in the archives of the national

writer Sabit Mukanov are an invaluable treasure for a wide range of readers, readers, writers' workshop and researchers of the history of literature.

The scientific significance of the research work lies in the fact that it contributes to the field of «Literary Criticism» in higher educational institutions. Practical significance: the results of the study can be used as an additional educational material in preparation for lectures and practical classes in the discipline «Mukanov studies».

Keywords: epistolary heritage, epistolary genre, archive, letter, theme, manuscript, problem of literature, literary and cultural heritage.

Статья поступила 29.09.2022